

Г.Б. ИЗБАСАРОВА

XVIII ФАСЫРДАҒЫ
ҚАЗАҚ—БАШҚҰРТ
АРА ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ
САЯСИ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ
ҮРДІСТЕР



Г. Б. ИЗБАСАРОВА

**XVIII ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ
АРА ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ
САЯСИ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР**

АҚТӨБЕ - 2008

Актөбе облысының әкімдігі, Актөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды корғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының қолдауымен жарық көрді.

Қ. Жұбанов атындағы Актөбе мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылды (№6 хаттама, 26.03.2008.)

Рецензенттер:

Т. О. Омарбеков – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі

Р. З. Янгузин – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Башқұрт Мемлекеттік Университеті Башқұртстан Республикасының тарихы және этнология кафедрасының менгерушісі

И 30 Г. Б. Избасарова

XVIII ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынастарындағы саяси және этникалық үрдістер. – Актөбе: «ПринтА» баспаханасы, 2008 – 232 бет.

ISBN 9965-777-46-2

Монографияда кең ауқымды деректер негізінде XVIII ғасырдағы Еділ-Жайық аймагында және Қазақстанның солтустік-батыс болігінде орын алған тарихи оқиғалар сипатталған. Қазақтар мен башқұрттардың рутайпалық құрамына, аты аталған халықтардың қалыптасу кезеңдеріне және екі түркі халқының өзара байланысының тарихи тамырларына ерекше мән берілген. Деректерге талдау жасау арқылы патшалықтың «бөліп ал да, билей бер» принципіне негізделген отаршылдық саясаты суреттелген. Кіші жұз және ішінәра Орта жұз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауына башқұрт старшындарының ықпал етуі көрініс тапқан. Қазақтардың XVIII ғасырдағы башқұрт көтерілістеріне катысу мәселесі ашылған.

Монография жалпы оқырман қауымға, сонымен қатар тарих мамандықтарының студенттеріне, оқытушыларға және жаңа кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеуші мамандарға арналған.

ББК 63.3 (5Каз)

ISBN 9965-777-46-2

© Г. Б. Избасарова 2008

МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОНГҮСТИК ОРАЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫң ЭТНОМӘДЕНІ БАЙЛАҢЫСТАРЫ.....	38
1.1. Еділ-Жайық өніріндегі және Қазақстанның солтүстік-батыс белігіндегі халықтардың өзара байланыстарының тарихи тамырлары	38
1.2. Алтын Орда және оның мұрагерлерінің құрамындағы Башқұртстан мен Қазақстанның түркі тайпалары.....	58
1.3. Қазактар мен башқұрттардың ру-тайпалық құрамы.....	68
2. XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ҮШТІГІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН БАШҚҰРТТАРДЫҢ САЯСИ БАЙЛАҢЫСТАРЫ.....	90
2.1. Қазақстан мен Башқұртстан XVIII ғ. басында	90
2.2. 1704 – 1730 жылдардағы казак-башқұрт қатынастары	98
2.3. Қазак-башқұрт қатынастарының дамуындағы ресейлік фактор.....	110
3. XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ – ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БАШҚҰРТСТАН ЖӘНЕ СОЛТҮСТИК- БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ.....	128
3.1. Орынбор өлкесінің билеушілері және патша өкіметінің онгустік-шығыс саясатының жүзеге асырылуы.....	128
3.2. Қазактардың 1735 – 1740 жж. башқұрт көтерілісіне қарым- қатынасы	140
3.3. Әблікайырдың казак-башқұрт қарым-қатынастарында алатын орны	150
3.4. Башқұртстандағы 1740 ж. көтеріліс. Карасақал казак даласында	158
3.5. 1755 жылғы башқұрт көтерілісі барысындағы қазактар мен башқұрттардың өзара қарым-қатынастары	177
КОРЫТЫНДЫ	199
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	206
ГЛОССАРИЙ	207
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ	222

Аяулы анам Шолпанның жарқын бейнесіне арнаймын

KIPISPE

Тарихи шындық күрделі динамикалық жүйелердің бірі болып табылады. Миллиардтаған адамдардың тағдырлары мен олардың іс-әрекеттері, көптеген одактар мен соғыстар, мындаған тайпалар, қалалар мен мемлекеттер, әлдеқашан жойылып кеткендегі және қазір өмір сүріп жатқандары да зерттеушінің ойша көз алдына келеді. Әдеттегі тілдердің, әдет-ғұрыптардың, миғтердің араласуы, тұрмыстық қажеттіліктер мен ұлы мәдени қозғалыстардың алуан түрлі бейнесі – осының барлығы соншалықты таң қалдырарлық әсер ететіні сондай, кейде тіпті асқан ойшылдардың өзі өткенді тану мүмкіндігіне, әсіресе оны дәлме-дәл тануға шубә келтіреді.

Тарихи таным дегеніміз сан қырынан айқындалған өткеннің көрінісі. Өткен уақыт тарихи шындықты қалыптастырады, бұл оны бейнелейтін санадан және одан бөлініп шығатын қаеңи танымнан тыс шынайы өмір сүреді. Табиғи шындықтан қоғамдық шындықтың айырмашылығы өзіне тән бірқатар ерекше белгілері бар. Қоғамдық шындықты зерттей отырып адам ең алдымен өзін-өзі ерекше көріністегі тектік тіршілік иесі ретінде таниды. Бұл ретте ол өзіне үлкен қызығушылық танытады және өзінің қоғамдық өмірінің барлық байланыстарын, катынастарын, заңды және кездейсок кезеңдерін жан-жақты және толық тануға ұмтылады. Осыдан келіп қоғамдық құбылыстарға және қоғамдық дамуға деген әрқылы көзқарастар туындаиды. Әлеуметтік тіршілік иесі бола отырып, адам өз санасында қоғам туралы тек шынайы қасиеттерді, оқиғаларды, жекелеген іс-әрекеттер мен қоғамдық үдерістерді ғана емес, сонымен бірге өзінің қоғамдық жағдайына карай осы құбылыстарға берілген өзінің бағасын да белгілеп қояды. Қоғамдық өмірдің күрделілігі тану процесінің күрделілігімен толықтырылады.

Ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтар позициясындағы тарихи ғылымның сапалық концептуалдық

жанару әдіснамасы біздің өткеніміздегі барлық тұтастықты обьективті түрде сарапауымызға, қазіргі кезенге қоғамдық даму заңдылықтары негізінде талдау жасап, бағдарлауымызға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамдық даму кезеңіндегі жас ұлттық тәуелсіз мемлекеттің даму процесі кезінде (бұрынғы КСРО аумағындағы) тарих ғылыминың мағыналы түрдегі өсуі анық байқалып, нақты аймақтағы бастапкы уақыттан бері өмір сүрген халықтардың таным процесінің құралы ретінде танылып, олардың тарихи естеліктері мен тарихи-мәдени қарым-катаинастарының құрылтуына тікелей себеп болғаны байқалуда.

Қазакстан мен Оңтүстік Орал халықтарының тарихи тағдырларындағы ортактық бірнеше ғасырлар бойы жалғасып келеді. Бұл көп ұлтты аймак оның аумағында ерте кезден бері өмір сүріп келе жаткан халықтардың саяси көзқарастары, өзара шаруашылық-мәдени байланыстары және материалдық, рухани өмірлері саласында өзара ықпалы тығыз жанданған кезде, ірі әрі қурделі құбылыстардың сахнасы болды.

Қазактар мен башқұрттардың қалыптасуы мен дамуының тарихында қонтекеген ұқсастықтар бар. Ең алдымен, олар алтай тілдерінің түркі тобына жатады. Екі халықтың тілдері батыс ғұн бұтағына, башқұрт тілі – қыпшак-бұлғар, казак тілі – қыпшак тобының қыпшак-ногай топ бөлігіне жатады. Сондай-ақ, қазактар мен башқұрттар бір конфесионалдық жүйеге (ислам) жатады. Қыпшак элементі екі халықтың да қалыптасуында басты субстрат болды. Бұл халықтардың арасындағы айырмашылық, башқұрт халкының қалыптасуына түркі тілдес тайпалар мен катар фин-угор тайпалары да қатысты.

Оңтүстік, есіресе шығыс башқұрттары ұзак уақыт бойы қазактармен дәстүрлі этникалық байланысын сактап келді. Тұтастай алғанда, қазактардың шагын топтары башқұрттардың арасына және керісінше башқұрттардың қазактардың арасына енүі XVIII ғ. бойы жалғасып, XIX ғ. ортасында біржола тоқтады. Башқұрт құрамында қазак рулары: табын, тама, тілеу, таз, тана, керейіт, жағалбайлы, масқар, канлы, дулат, үйсін және т.б., ал қазактар арасында башқұрт - естектер кездеседі. Экологиялық

факторлардың ықпалынан қалыптасан өмір сүру қалпы мен тұрмыстық-шаруашылық салттарындағы ортактастықтар ұқсас географиялық аймакта өмір сүрген қазақтар мен башқұрттардың ғасырлар бойы қалыптасан шаруашылық-мәдени үлгілерінде көрініс тапкан. Сонымен қатар шаруашылық-мәдени үлгілерінің қалыптасуына әсер еткен тек экологиялық факторлар ғана емес, тарих қойнауында халықтардың өндіріс әдістері мен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі де өзгеріп отырды. Дегенмен қарастырылып отырған кезеңде (XVIII ғ. бірінші жартысында) екі халық үшін де кошпелі мал шаруашылығы шаруашылықтың негізгі түрі болып қалды. Қазақтар мен башқұрттарға тән нәрсе – киіз үй құру мен оны жабдықтау, жылқы шаруашылығы, бие сауу мен қымыз дайындау, қысқа соғым, соның ішінде қазы-қарта дайындау болды. Баланың дүниеге келуі мен оның тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлерде магиялық әрекеттердің қалдықтары бар, мұның мақсаты – зұлым табиғаттан тыс күштерден аластау, ұрпақты сактау және көбейту болды. «Зұлым күштерден қорғайтын» жүн, бүркіт пен үкінің тырнақтары түріндегі бойында қорғаушы-рухтардың «күші» бар бойтұмарлар кең тарағанды. Мұндай бойтұмарлар балалардың және бала тілеген баласыз әйелдердің кімінде жиі кездескен. Қазақтар мен башқұрт халқындағы исламға дейінгі діни нағым-сенімдерде зұлым күштер – алbastы, пері және өлген адамның рухы (қазақтарда – обыр, башқұрттарда – убыр) /1/ жүкті әйелдерге, жас босанғандарға және жаңа туған нәрестелерге дүниеге келген алғашқы 40 күнде (40 күн) залалын тигізеді деп есептелген. Зұлым күштерді куу үшін үйде отты (аластау) қолданған.

Қазақтар мен башқұрттардың ұқсас нағымдарының арасында дүниеден откендердің рухына сиыну, киелі бейіттерді құрметтеу, әртүрлі себептерге байланысты олардың мәйіттеріне тұнеуді қөруге болады. Қазақтар мен башқұрттардың түсінігінде дүниеден откен адамның, әсіресе ол ұзақ өмір сүрген және ұрпағы коп қарт адам болса, заттарына оның берекеттілігінің бір бөлігі көшеді, сондықтан қазага жиналған адамдарға ырымдап өлген адамның кімдерін таратқан. Сонымен қатар дүниеден откен адамды жерлеу рәсімінде де ұқсастықтар

байқалады. Өлген адамды күн қайтқанша жерлеген, себебі күн адамның жаны үшін аталарының әлеміне жол сілтейді деп сенген. Күн батқаинан кейін жерленсе, адамның жаны тұңғызықта қалып, жол корсетуушісіз адасын кетуі мүмкін деп болжаған. «Киелі» бейіттерді (әулиелер) құрметтеу, дүниеден өткен ата-бабалардың жанының тұрақты мекені деген сеніммен байланысты. Дүниеден өткен адамның рухына сиынуда әдетке айналған салттың бірі 5 рет ас беру – өлген адамды 5 рет еске алу, Кіші жұз қазактарында олген адамның 3, 7, 40, 100 күндігіне және бір жылдығына арнап ас беріледі. Башқұрттарда садака 3, 7, 40 күнде беріледі.

Біртұтас этникалық (түркілік) шығу тегі мен тікелей территориялық шекараластық екі халықтың да мәдениеті мен әдебиетіне әсер етті. Қазак және башқұрт халықтарының фольклорында, соның ішінде ертегілерде, тарихи өлеңдерде, батырлық эпостарда бірдей кейіпкерлерді кездестіруге болады. Мысалы, қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», башқұрт нұсқасында «Кузы курпәс және Маян хылу», ал «Алпамыс» батырлық жыры «Алпамыш» және т.б. болып келеді.

Қазактар мен башқұрттар жасаған көптеген ауыз әдебиеті нұсқалары (мақал-мәтеддер, ертегі-аңыздар, тұрмыс-салт жырлары) бір-біrine өтс ұқсас болып келеді. Екі халықтың ауыз әдебиеті тарихынан бірдей орын алып келе жатқан көптеген мақал-мәтеддерді, ертегі-аңыздарды, жұмбак-жаңылтпаشتарды былай қойғанда, Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр туралы аңыздар да екі халықтың әдебиетінде бірдей жасап, ұриақтан-ұриаққа айтылып келеді. Сондай-ак «Алпамыс», «Ер Тарғын» сиякты лиро-эпостық дастандар да екі халықтың әдебиеттері тарихынан бірдей орын алған.

Екі халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларындағы осы бірлік пен ұқсастықтар кейінгі кезде екі елдің арасынан шыққан ақын, жырау, шешендердің шығармашылығына да өзінің әсерін тигізіп отырған. Мәселең, қазақтың Шалқиіз, Бұхар, Махамбет сиякты ақын-жыраулары мен башқұрттың Салауат, Байық-Айдар секілді шешендердің шығармаларында өзара көп

үндестік, ұқсастық бар екендігі байқалады. Бұлардың барлығының шығармашылығына тән қасиеттер – олардың өз шығармаларын сұрып салып айтуы, олеңдерінің төкпе жыр түрінде келуі, сондай-ақ олардың мақал-мәтептеге ұқсас афоризм, нақыл сөздерге толы болатындығы. Кейде тіпті олардың бәрінде кейбір өлең жолдары да бірдей болып келіп отырады. Мәселен, қазақ әдебиетінің тарихында Шалқиіз Тіленшіұлы (1465 – 1560) жыраудың болғаны бәрімізге мәлім. Оның ел арасына кең тараган мынадай өлең жолдары бар:

Жапырағы жасыл жау Терек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кежігүі елден дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр.
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр.

Міне осы өлең тек қазактардың гана емес, сонымен бірге башқұрт халқының арасына да кең жайылған көрінеді. Өйткені Шалқиіздің бұл өлең жолдары онаи екі ғасыр кейін өмір сүрген башқұрт халқының батыр ұлы, әрі ұлттық ақыны Салауат Юлаев (1752 – 1797) шығармаларында да кездеседі. Мәселен, оның «бүгәсәугә қосылып, ер – батырга қош болып» деген өлеңінде жоғарыда біз келтірген өлең тармақтары да бар.

Ал XIX ғ. екінші жартысында өмір сүрген атақты Ақмолла ақын шығармашылығы қазақ, башқұрт әдебиеттерінің ортақ мұрасы болып табылатыны бәрімізге мәлім. Сондай-ақ XX ғ. басында өмір сүрген башқұрт ақыны Шайзада Бабич қазақ ауыз әдебиетін жақсы білген, Абай шығармашылығымен жете таныс болған. Қазақ әдебиетінің әсерімен бірнеше өлеңдер жазған.

Сондай-ақ, башқұрт фольклорында онтүстік далалардан Онтүстік Орал мен Еділ бойына бірнеше башқұрт рутайпаларының қоныс аударғаны туралы мәліметтер бар.

Фольклорда башқұрт халқының ерте кездегі тотемдік көзқарастарын бейнелейтін ақыздар мен әпсаналар барынша бай әрі жан-жақты берілген. Ибн Фадлан башқұрттардың он екі құдайға (тотемдерге) сиынатынын атап корсеткен. Ежелгі түркілер мен монголдардың шежірелік мифологиясында және Орта Азия мен Шығыс Еуропа халықтарының нағымында қасқыр тотем ретінде үлкен орын алады. Түркі-монгол мифологиясында қасқыр барлық түркілер мен монголдардың арғы атасы және қорғаушысы деп саналған /2/. Тотем атаву башқұрт халықтарының этиологиясында да кездеседі. Құрбанғали Халид озінін «Tauарих хамса» атты еңбегінде башқұрт этнонимін шығуын: парсы тілінде қасқыр – «гөріг», ежелгі түркі тілінде «корт-күрт» қасқыр дегенді білдіреді. Башқұрт тайналары тотемге жақындығын корсету үшін өздерінің батылдықтарын қасқырдың өжеттілігімен салыстырып, «баш» – бас сөзін иемденген, яғни этнос атавының озі «баш» – бас, «күрт» – қасқыр деген екі сөзден шыққан деп, түсіндіреді /3/.

Башқұрт этнонимін шығуна байланысты қазіргі уақытта түрлі көзқарастар бар. Башқұрт ақыздарының бірінде былай делінеді: «Бұхарадан мұсылман дінін таратуга миссионерлер шыққан. Олар қай елге барадын білменті, себебі қайда барса да, кәпірлерге (дінге сенбейтіндерге) кездеседі. Сол жерде оларға қасқыр кездесіп, башқұрттардың пүтқа табынуши ата-бабалары мекендейген Орал тауларына апарады. Осыдан олар башқұрт немесе қасқырдың басы деген атавға ие болған» /4/. Кейінірек ақыздың басқа нұсқалары пайда болған, бұл бойынша мифтік қасқыр шұрайлы жер іздең Бұхарадан шыққан (кейір деректерде Алтайдан немесе Арап теңізінің жағалауынан шыққан) башқұрттардың жол бастауышы ретінде саналады, яғни қасқырды кездестіріп, соның көмегімен Орал өніріндегі Отанын тапқан. Бұл ретте этнонимің мағынасы «басшы қасқыр», «қасқыр – көсем» деп аударылады /5/. Башқұрт атавы туралы мұндаи түсінік халық арасында ғана емес, көптеген зерттеушілердің енбектерінде де кеңінен тараған.

Тағы бір кең тараған пікір «корт» сөзі «ара» деп түсіндіріліп, ал этноним – «басшы ара», «араның аналығы»

немесе «бас омарташы» мағынасында берілген. Мұндай жағдайда қосымша дәлел ретінде башқұрттардың дәстүрлі ара өсіру ісімен айналысатындығы келтіріледі /6/. «Башқұрттардың өздері де, ногайлар да оларды башқұрттар деп атайды», - деп жазады И.Г. Георги. Бұл атау олардың пайымдауыша ара өсіруші («курт» – ара созінен), ал ногайша – жетекші қасқыр деп түсіндіріледі /7/. Башқұрт этнонимі «башка» («бөлек, басқа») және «йорт» («тұргылықты жер», «мекен», «ел»), яғни «жеке ел», «жеке халық» дегенді білдіреді дең жасалған болжамдар да бар /8/.

Сонымен қатар кейбір авторлардың башқұрт этнонимін «биши» + «қорт» – «бес қасқыр», «боз/буз» + «корт» – «көк қасқыр», «баш» + «қарт» – «жетекші қарт», «аксақал» /9/ деген пікірлерін кездестіреміз.

Халықтың атауы Башқұрт деген жетекшісінің атынан шыққандығы туралы естеліктер XVIII ғ. өзінде-ақ халық арасында кездеседі. В.Н. Татищев: «Олар өздерінің атауын алғашқы мырзасы Башқұртпен байланыстырады», - деген пікір айтқан /10/. Кейін бұл аныз жойылып кетті. Сірә, бұл жол сілтеуші қасқыр туралы мифологиялық аңыздарға ұласып немесе басқа әпсаналарға қосылып кеткен.

Қазақ ақындары Шалқиіз Тіленшіұлы, Бұхар Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы мен башқұрт ақындары Салават Юлаев, Байық-Айдардың шығармаларында көптеген ұқастықтар кездеседі. Мысалы, Шалқиіздің «Жалп-жали еткен жапалак», Бұхар жыраудың «Жал құйрығы қаба деп», «Асқар таудың өлгенні» сектілді шығармаларын башқұрт зерттеушілері Салават Юлаевтың шығармалары немесе башқұрт халық поэзиясының үлгілері ретінде қарастырады /11/. Қазақ және башқұрт ақындарының айтыстары аудармашыларсыз өтіп отырған, себебі ақындар екі тілді де еркін менгерген. Атап айтсақ, XVIII ғ. қазақтар арасында Бұхар жыраумен бірнеше рет айтысқан және қазақ тілін біліп қана қоймай, қазақ халқының салт-дәстүрімен толық таныс болған башқұрт шешені Байық-Айдар өмір сүрген. XIX ғ. екінші жартысында шығармашылығы қазақ және башқұрт халқының жетістігі болып саналатын

танимал башқұрт ақыны Ақмолла өмір сүрді. Өзін қазақпрын деп есептеп, Ақмолла былай деп жазады:

Көшпелі қазақпзың ғой күркө астында,
Өнер жок ұйықтаған көрне астында...
Қазақша өлең жаздым ашық қылыш,
Хасистердің жүргесін ашыттырып /12/.

Аталған ерекшеліктердің арасында қазақтар мен башқұрттардың шаруашылықтағы және әлеуметтік өмірдегі, тұрмыс пен мәдениеттегі, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердегі, бір-біріне өзара ықпалы революцияға дейінгі кезенде айтартылғатай дәрежеге жеткен. Дегенмен, аталған қатынастар тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағымен шектеліп қоймай, қоғамдық-саяси жағдайлармен де анықталды. Тарихтың өзі осындай коп қырлы байланыстардың екі халыққа да қажет екендігіне күэ.

Башқұрттар мен қазақтар XVIII ғ. Ресей империясына қарсы қозғалыстарда бірлессе қымылдады, талай рет қазак даласы патшалық күғынға ұшыраған башқұрттарға пана болды. Оған 1740 жылғы башқұрт көтерілісінің басшысы Қарасақалдың жағдайы дәлел. Қазак және башқұрт халықтарының тарихи тағдырларының бірлігі, әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін, олардың патша өкіметінің біртұтас саяси басқаруында болғанында ерекше корінеді. Мұрагат деректеріне сәйкес /13/, қазақтар мен башқұрттардың біріккен шабуылдары XVIII ғ. 30-шы, тіпті 40-шы жылдарында да бұл мәселенің шешімі қазақтарды Ресей бодандығын қабылдауга итермелегеніне қарамастан толастамады. Осы кездегі патша өкіметінің оңтүстік-шығыстағы мақсаты қазақтың кең байтақ даласы мен башқұрт жерін отарлау еді. Бұл мақсатқа жетудің әдістері әр түрлі болды. Орынбор өлкесін билеушілердің кеңінен қолданған әдістерінің бірі «бір халықты екінші халыққа айдан салу», «боліп алда, билей бер» саясаты болды.

Патшалық өкіметтің саясатын жүргізуші А. Тевкелев 1733 жылы сәуір айында Сыртқы істер Коллегиясына: «А оныне киргиз-кайсаки, также калмыки и башкирцы, признаваются одного состояния – народ дикий и легкомысленный, склоняется чаяния... из них который один учинится российской стороне

противным, то можно другие два народа против оного одного противника послать можно и надеяться, что без утруждения к тому российского войска оного противника ими самими усмирить можно», – деп хабарлады /14/. Өлкө әкімшілігі халықтар арасында әдейі қақтығыстар ұйымдастырыды. Орынбордың бірінші губернаторы И.И. Неплюев 1755 жылғы башқұрт көтерілісінің барысында башқұрттарды қазақтарға қарсы «шеберлікпен» айдалады. И.И. Неплюев туралы Ф. Лобысевич: «Ол көшпендер арасында бүлікшілдік пен алауыздықты қолдап отырып, үлкен нағижеге жетті», – деп жазды /15/. Билік басындағылар қазақтар мен башқұрттар арасындағы өзара шабуылдарды барынша қолдап отырды. 1789 жылы генерал-губернатор О.А. Игельстром II-ші Екатеринаға былай деп жазды: «Откен 1789 жылы Ералы сұлтан аралық шекараға шабуыл жасауға ниеттенген кезде, мен башқұрттарға хабар беріп, олар барынтаның бетін қайтару үшін... мен белгілеген жерге жиналсын дедім» /16/. Бұл саясат жоғары жактан да қолдау тапты. II-ші Екатерина қазак-башқұрт қатынасы мәселесін қозғағанда, губернаторларға башқұрттарды «қырғыз-қайсақтарға қарсы» және керісінше пайдалануды ұсынады /17/.

Патша өкіметінің келесі бір әдісі алғашында башқұрттарға, кейін қазақтарға қолданылған шоқындыру және орыстандыру саясаты болды. Аймақты басқарушылар: «қырғыздарды Ресейді Ресей үшін сүюіне және шамалап орыстануына жеткізу қажет», – деген саясат ұстанды /18/. Еділ-Жайық аймагында 1735 – 1740 жж. көтеріліс кезінде башқұрттардың қазақтарды осы қасіреттен сактап қалуға тырысқандығы байқалады. Патша өкіметі қандай жолмен болса да қазақтар мен башқұрттардың қарым-қатынасын үзуді мақсат тұтты. Бұл фактіге Әбілқайыр /20/ мен Батыршаның /21/ хаттары дәлел. 1747 жылғы 17 мамырдағы Ережеге сәйкес қазақтар мен башқұрттардың некелесуіне тыйым салынды /22/. Өкімет мүмкіндігінше көтеріліс кезінде қашып кеткен башқұрттарды қайтаруга тырысты, себебі қазақ даласына кеткен башқұрттар дала тұрғындарымен туыстасып, кейін мемлекет саясатына қарсы тұрады деп қауіптенді.

* * * *

Қазақтардың башқұрттармен өзара қарым-қатынасының тарихы арнаулы зерттеу объектісі болған емес. Бұл халықтардың қарым-қатынасының жекелеген аспектілері революцияға дейінгі кезеңде де, кеңес кезеңінде де қарастырылды.

Бұл ретте Орынбор өлкесінің тарихына арналған Петр Иванович Рычковтың (1712 – 1777) еңбектері ерекше мәнге ие. П.И. Рычков 42 жыл бойы осы аймақта өмір сүріп, еңбек еткен. Ол Орынбор экспедициясының белсенді мүшесі болып, архив материалдарын толық қолданған. П.И. Рычковтың көптеген ғылыми еңбектерінің ішінен екеуін бөліп қарастырамыз. «Орынбор топографиясы, нақты айтқанда, Орынбор губерниясының толық сипаты» /23/ атты еңбегінде Оңтүстік Орал, Қазақ даласы және Орталық Азия халықтары туралы XVIII ғ. ортасында орыс ғылымына белгілі болған географиялық және тарихи-этнографиялық мәліметтер жинақталған. Бұл еңбек оқырманды қазақтар мен башқұрттардың этникалық құрамымен, шаруашылығымен және тұрмысымен таныстырады. Орынбор губерниялық кеңессіндегі архив материалдары негізінде құрастырылған «Орынбор тарихы» /24/ атты еңбегінде деректі материалдар, әсіресе ресми сипаттағы (патшаның мақтау қағаздары мен жарлықтары, Орынбор экспедициясының қызметі мен Орынбор қаласының негізінің қалануына байланысты) деректер жинақталған. Бұл еңбекте Кіші жүздің саяси тарихы (Ресей бодандығын қабылдауы) және Қазақстандағы патша өкіметінің отарлау саясатының шаралары, сондай-ақ қазақтар мен башқұрттардың өзара қарым-қатынастарының жекелеген аспектілері қарастырылған.

«Орынбор тарихы» еңбегінің хронологиялық шенбері I-ші Петрдің кезінен бастап 1750 жылға дейінгі үш онжылдықты қамтиды.

Орынбор экімшілігінде жоғары қызметте жүріп және И.К. Кирилловке, А.И. Тевкелевке, В.Н. Татищевке, В.А. Урусовқа, И.И. Неплюевке жақын бола отырып, П.И. Рычков аса көп құжаттарға, соның ішінде аса құпияларына да қол

жеткізген. Әрқылы сипаттағы осындай дереккөздер зерттеуші тарапынан мұқият өндөлген.

Ол үшін Қазақстан мен Орталық Азияға жасалған әр түрлі сауда және дипломатиялық экспедициялары жетекшілерінің есептері маңызды дереккоз болды. Сонымен қатар П.И. Рычков Уфадағы кейір атақты әулеттердің отбасылық архивтерін де пайдаланды.

«Орынбор тарихы» еңбегінде П.И. Рычков парсы жазбаларынан алғынған және Рашид ад-Диннің зерттеулерінде де кездесетін мифтік аныздарды мазмұндаған берді, ал кейінірек «Орынбор топографиясы, нақты айтқанда, Орынбор губерниясының толық сипаты» еңбегінде лингвистикалық мәліметтерге, бұзылған қалаардың үйінділеріне, әр түрлі «татар» халықтарының тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсастықтарға назар аударады. Сонымен қатар П.И. Рычковтың әлемдік ғылымда алғаш рет «башқұрт» этонимінің этимологиясын түсіндіруге әрекет жасағанын атап өту керек.

П.И. Рычковтың зерттеулерінде окіметтің Орынбор аймағына мемлекеттік, әскери міндеттер атқарған адамдарды қоныстандыру шарапары, суроналық және Орал сыртындағы Башқұртстанда қамалдар, абақтылар, слободкалар, сарай және мемлекеттік селоларды салдыргандығы жан-жақты сипатталған. Өзі күэ болған, Орынбор экспедициясына қарсы 1735 – 1740 жылдардағы башқұрттардың котерілісі туралы келтірген мәліметтері дәл және ең бастысы анық жазылған. Осы еңбегінің нәтижесінде ол башқұрт ұлттық қозғалыстарының алғашқы тарихшысы атанып, отандық және әлемдік тарихнамадағы осы мәселені зерттеудің негізін салды.

«Орынбор тарихы» еңбегінде П.И. Рычковтың дипломатияның ірі тарихшысы ретінде жазған бөлімдері өте құнды. Ол тарихнамада алғаш рет Ресейдің Орталық Азиядағы 1730 – 1740-шы жылдардағы сыртқы саясатының тарихын, Кіші жүзді Ресейге бодан болуға жеткізген мәжбүрлік жағдайларды, осы аймақтағы халықаралық қатынастардың барлық күрделілігін баяндайды. Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Ресей әкімшілігі арасындағы қатынастар суреттелген. Сонымен қатар П.И. Рычков өз еңбегінде сол кезге дейін көпшілікке беймәлім

болып келген көптеген құжаттарды ғылыми айналымға алғаш рет енгізді. П.И. Рычковтың туындылары тарихи-мемуарлық сипатта жазылған, ойткені автор өз еңбектерінде баяндалған оқиғалардың тікелей күәгері болған.

Василий Никитич Татищев (1686 – 1750) Орынбор экспедициясының басшысы қызметін атқара отырып, қазақ және башқұрт халықтарының өмірімен жақсы таныс болған. 1686 жылы 19 сәуірде Псковтегі атақты дворян отбасында дүниеге келген. Жеті жасында V Иван патшаның сарайына қызметкес алынған, бірақ сарайдағы қызметі патша өлгенге дейін жалғасады. Кейін әскерде қызмет еткен ол, Полтава шайқасына, I-ші Петрдің түріктерге қарсы Прут жорығына қатысады. 1738 – 1739 жылдары оған Кіші және Орта жүздің хандарымен, сұлтандарымен ұзаққа созылған келіссоздер жүргізу ісі тапсырылды. Ол Эбілқайыр ханмен хат алышып, кездесіп тұрды, ал башқұрт көтерілістері кезінде башқұрт халқының өкілдерімен жеке кездесті.

В.Н. Татищевті қызықтырған маңызды мәселенің бірі қазақ және башқұрт халықтарының этногенезі еді. «Ресейлік тарих (1739-1750)» атты негізгі еңбегінде қазақ халқының қалыптасу процесіне байланысты кейбір сұрақтар (қазақ сөзінің этимологиясы, қазақ тайпаларының этникалық территориясы, қоның аудару маршруттары және ру-тайпалық құрылымы) қарастырылған /25/, ал оның алғашқы екі бөлімі 1768 – 1769 жылдары жарыққа шықты. В.Н. Татищевтің бұл еңбегінде Ресей халықтарының лингвистикалық-этнографиялық жіктелімі ашылған. Жіктелім бойынша қазақтар мен башқұрттар қарақалпақ, түркімен және басқа халықтармен бірге «скиф» тобына жатқызылған. Автор «Ресейлік тарих» еңбегінде европалық ғалымдардың Азия халықтарының көпшілігін, соның ішінде қазақтарды жай татарлар деп атауы, олардың кең байтак еліне жалпы «Ұлы Татария» деген атауды колдануы сөзсіз кате екендігін орыс тарихнамасында алғаш рет айтты. «Ресей географиясынан таңдамалы шығармалар» атты зерттеуінде /26/ В.Н. Татищев қазақтардың үш жүзге бөлінуі туралы мәліметтер келтіреді және қазақ атауының шығу тегін қарастырады, қазақ және қыргыз создерінің этимологиясын сипаттайды. Оның

пікірінше «қайсақ» сөзі «калыстатылған, бөлектенген, түсіп қалған», ал «қырғыз» – «далалық, өткінші» деген мағынаны білдіреді /27/.

Орыс шығыстанушысы В.Н. Витевскийдің «И.И. Неплюев және 1758 жылға дейінгі Орынбор өлкесі» /28/ деген еңбегінде екі халықтың қарым-қатынасы туралы мәліметтер беріледі. Бұл еңбек жергілікті халықтың тарихы туралы мәліметтермен қатар. Орынбор губерниясындағы өкіметтің саясаты мен оның нақты шаралары туралы бай материалға негізделген. Монографияда Башқұртстанның Орынбор экспедициясы келгенге дейін Ресей мемлекетінің құрамына кірмегендігі, бағынбайтын аймақ болғандығы туралы деректер келтіріледі. В.Н. Витевский Орынбор губерниясының бірінші губернаторы И. Неплюевтің қызметінің нәтижесінде бұл аймақтың патшалық билікке бағынғандығы туралы баяндаган революцияға дейінгі алғашқы авторлардың бірі болып табылады. Монография авторының пікірінше, тек Иван Иванович Неплюевтің қызметінің арқасында ғана Башқұртстан мен Қазақстанның террорияларын отарлауга сәтті жағдай туындаған. Орынбор экспедициясының қызметі мен И.И. Неплюев басқарған алғашқы губерниялық әкімшілік қызметтің нәтижелерін тарихшы жоғары бағалағандығы сондай, оны Башқұртстанның Ресей мемлекетіне қосылуына теңестірді, ал И.И. Неплюевті «Орынбор аймагының» Петрі деп атады.

Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси, этникалық тарихын зерттеуде Габсбургтер әулетінің үрпағы Алексей Ираклиевич Левшин айтарлықтай еңбек сіңірді. Азиялық Департаменттің тапсырмасымен қазақ даласына жіберілген ол, Орынбор аймагында дипломатиялық қызметте жүріп, 1820 – 1822 жылдары жергілікті архивтерді зерттеп, казактар туралы бай этнографиялық материал жинады. Оның зерттеулерінің нәтижесі ретінде 1832 жылы үш болімнен тұратын қазақ халқының тарихы туралы «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасының және даласының сипатты» /29/ еңбегі жарық корді. Жұмыс ғылыми және қолданбалы мақсаттарды қөздейді. Автордың пікірінше, жұмыс, оның озі сияқты «қызмет бабымен қазақ халқымен қатынаста болатын» шенсуніктерге де

арналады. А.И. Левшин талаптты зерттеуші бола отырып, ол кезде көпшілігі құпия болып табылатын құнды құжаттар мен материалдарға қол жеткізу мүмкіндігі сияқты бірігей өз жағдайын пайдалана білді. Ол орыстардың Қазақстанға жасаған ғылыми және әскери экспедицияларының нәтижелерін, танымал және аз танымал мұсылман, қытай оқымыстыларының суропа және орыс шығыстанушылары аударған сәбектерін оқып зерттеді. Шын мәнісінде бұл еңбек қазақ халқының тарихы мен XIX ғасырдағы жағдайы, сонымен бірге олардың көршілес мемлекеттермен және халықтарымен қарым-қатынасы туралы алғашқы ғылыми еңбек болды. Әсіресе монографияның XVI – XVIII ғғ. басындағы орыс-қазақ қатынастарының тарихына арналған үшінші болімі ерекше қызығушылық тудырады. Еңбекте XIX ғ. алғашқы үштігінде Ресейде қазақтар туралы жинақталған тарихи мәліметтер алғаш рет жүйеленген және қазақтардың Ресейге қосылуы алдындағы және сол кездегі саяси тарихының қарама-қайшы сипаттың үғынуға қадам жасалған. Қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатына, олардың патшалық әкімшілікпен озара қарым-қатынастарына хронологиялық тәртіpte шолу жасалған, XVIII – XIX ғғ. басындағы Қазақстандағы саяси процестердің қайшылықты сипаттамасы көрсетілген.

Кіші жүздің Ресей империясының құрамына енүін А.И. Левшин Кіші жұз ханы Әбілқайырдың өзінің қол астындағы халқымен бірге орыс патшалығына ерікті бағынуы деп қарастырады. 1731 жылғы актіге қол қою, зерттеушінің пікірінше, қазақ қоғамындағы дағдарыс құбылыстарының осуїнің шарасыз салдары болды және объективті (сыртқы және ішкі) факторлар мен субъективті себептердің жиынтығынан орын алды. Монографияда алғышарттардың бірінші тобына қазақтарға Жонғария тарапынан төнген қауіп, қалмақтармен, башқұрттармен, Орталық Азия хандықтарының басшыларымен болған қақтығыстар, хандық биліктің тұрақсыздығы және осымен байланысты ішкі қақтығыстардың кобеюі, қазақ шонжарларының сауда-экономикалық мұдделері мен ірі мал иелерінің жана жайылымдарға деген қажеттіліктері жатқызылған. Зерттеуде субъективті себептер қатарында

Әбілқайыр хан мен оның жақтастарының (Семеке, Жолбарыс және т.б.) «ірі державаның қолдауымен күшесөнді көздеген» атакқұмарлығы мен пайдакүнемдігі аталады. А.И. Левшиннің зерттеуінде Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар тарихы мәселесіне, соның ішінде қазақтардың башқұрттармен, қалмақтармен, Жоңғариямен, Цин империясымен және Хиуамен саяси қарым-қатынастары туралы көптеген құнды пікірлер мен ойлары баяндалған. Мұнда жоңғар шапқыншылығының («Ақтабан шұбырынды») колемі мен сипатты накты баяндалып, XVIII ғ. 20 – 50-ші жылдардағы қазак-ойрат қатынастарының дамуына шолу жасалған. И.В. Ерофеевың пікірі бойынша, А.И. Левшиннің қазақ халқының саяси тарихын зерттеудегі сінірген үлкен еңбегін айта отырып, бірақ сонымен бірге оның орыс-қазақ қатынастары туралы тұжырымының ресми деректермен сәйкес келетінін ескеру керек /30/. Орынбор шекаралық билігінің тарапына қазақтарға қатысты жасалған қиянат пен зорлық-зомбылық фактілерін мойынданай отырып, А.И. Левшин қазақ жүздеріндегі патшалық әкімшіліктің саясатын толығымен актап шығады, оның сипатын Ресейдің оңтүстік-шығыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаугер көшпенділердің шабуылдарынан «корганушы» деп атайды, осыған байланысты халық бұқарасының азаттық күресін өткір айынтайды.

1850 жылды Императорлық Александров лицейін тәмәмдаған Владимир Владимирович Вельяминов-Зернов (1830 – 1904) 1851 жылды Орынбор генерал-губернаторының қарамағына қызметке жіберілген. Араб, парсы тілдерін жетік білген жас ғалым олкеге келіп, түркі тілдерін зерттей бастайды. Соның ішінде қазақ және башқұрт халықтарының тілдерін, тарихын, әдет-ғұрыптарымен танысады. Белгілі шығыстануыш жергілікті архив деректерінің негізінде «Әбілқайырхан казасынан кейінгі (1748 – 1765) Ресей мен Орта Азияның қарым-қатынасы мен қыргыз-қайсақтар туралы тарихи хабарлар» /31/ атты салмақты сибесін әуслегі кезеңде Орынбор газеттерінің беттеріндегі жариялайды, ал 1853 – 1855 жылдары ол Уфада жарық корді. Бұл еңбекті жазу барысында автор шығыс және орыс деректерін салыстырмалы түрде зерттеу әдісін

қолданған. Орал өнірінен қайтып оралған В.В. Вельяминов-Зернов 1856 – 1859 жж. Азиялық Департаментте тілмаш болып қызмет етті. Санкт-Петербургте 1863 – 1866 жылдары оның «Қасымовтық патшалар мен патшайымдар туралы зерттеулер» /32/ атты еңбегі жарық корді. Бұл ғылыми жұмыстың ерекшелігі Қазақ хандығы туралы бұрын белгісіз болған шығыс авторларының еңбектері қолданылынып, бір жүйеге келтірілген. Еңбегінің екінші томында қазақ ханы Жәнібектің ұрпақтары Өсеке мен Жәдік сұлтандар туралы мәліметтер келтірғен. В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбектері Ресей империясындағы түркі халықтарының тарихын зерттеудегі тұтас дәүірді құрайды.

Н.А. Аристовтың «Қара қыргыздар мен Ұлы Орда қыргыз-қайсақтарының этникалық құрамын анықтау тәжірибесі» /33/, сонымен қатар «Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы мен олардың саны туралы жазба деректер» /34/ атты еңбектерін қазақтар мен башқұрттардың этникалық құрамын терең зерттеуге қосқан үлес деп қарасты.

Н.А. Аристовтың екінші еңбегіне тереңірек тоқталайық. Автор тайпа таңбалары, азыздар негізінде түркі халықтарының этникалық тарихы туралы тұжырымдамалар жасап, түркі тайпалары мен ұлыстарының біртұтас этникалық тамырларын қарастырады. Н.А. Аристов өз зерттеуінің міндетін: «Қолда бар түркі халықтарының рулық құрамы туралы мәліметтер мен тарихи мағлұматтарды қолдана отырып, қазіргі түркі ұлыстарын құрайтын тайпалар мен руларды, сондай-ақ өзге тайпалық қосындыларды анықтау», - деп белгілейді /35/. Н.А. Аристов шынымен де Еуропа тілдеріне аударылған «тарихи мәліметтерді» зерттеп, озін қызықтырған мәселе туралы Еуропа ғалымдарының барлық еңбектерін қарастырды. Жасалған тамаша болжамдарына қарамастаң, коп жағдайда Н.А. Аристовтың тұжырымдары өзі бас тартикан теориялары сияқты даулы болып қалды. Кейде мұны автордың озі де мойындайды, оның сөзінен көрініп тұрғандай, «түркі ұлыстарының этникалық құрамын, қазіргі тайпалық және рулық құрамы мен тарихи хабарлар бойынша анықтау болаптастың міндеті болып кала береді», себебі «бұл саладағы ғылыминың басты кедергісі», атап

айтқанда «рулық тұрмысты сактап қалған тайпалық және рулық мәліметтердің аздығы немесе олардың болмашы қалдығы және ежелгі түркі халықтары мен тайпалары туралы қытай тарихи мәліметтерінің қолға түсіпейтіндігі және танылмайтындығы» тек қазір ғана «уақыт өте келе түзеліп келеді» /36/. Сонымен қатар Н.А. Аристовтың шығыс тілдерін меңгермегені де оның еңбектерінде байқалады. «Түркі халықтарының шығу тегі мен олардың арғы отаны» туралы мәселені шешуден Н.А. Аристов әділ түрде бас тартады және «негізгі түркі тайпаларының көп болігі алғашында Алтайда мекендеген, бұған ежелгі түркі халық аныздары мен Алтайдағы мекен (өзен, аңғар) атауларынан бастау алған тайпа атаулары күә болатыны» туралы болжам жасайды /37/. Н.А. Аристовтың пікірінше, қанұлайлар мен қыпшактардан оңтүстік-батыс түркілері де, сондай-ақ Еділ жағалауындағы татарлар, башқұрттар және т.б. шыққан; олар «озбектердің, сарттардың, қырғыз-қазақтардың құрамын құруға да кеңіней қатысты, сондықтан қазіргі түркілердің үшінен екі болігінен кобі қанұлайлар мен қыпшактардан тараған». Н.А. Аристов өзінің кітабында «қазіргі түркілердің арасында саны жағынан екінші орын, жерінің аумағы жағынан бірінші орын алатын» қазақ халқының ру-тайпалық құрамын жаң-жакты қарастырды; сонымен қатар бұл халық «басқа түркі халықтарына қарғанды мал шаруашылығы мен көшпелі өмір салтын және ру-тайпалық тұрмысты сактап қалған, сондықтан рулық және тайпалық бөліністер және олардың атаулары бұл халықта үлкен құшпен және айқындықпен сақталғандығын» айтады /38/. Н.А. Аристов «қырғыз-қазақ халқы негізінен қанлы, қыпшак, шу (дулат), арғын, найман, керей және алшын руладынан құралған» деген қорытынды жасайды /39/. Дулаттарды, наймандарды, керейлерді (керейт) монгол элементтеріне жатқызады; арғын сөзі, оның пікірінше, «аралас» деген мағынасы білдіреді.

Біздің жұмысымызды Ш. Үәлихановтың түркі халықтарының тарихы мен этнографиясына ерекше қызығушылық білдірген еңбектері қолданылды. Орыс ғалымдары Шоқаннан түркітану, шығыс елдерінің тарихы, этнографиясы, филологиясы бойынша консультация алған. Оның ең алғашқы

ғылыми тұжырымдамалары 1857 ж. Петербургте шығатын «Русский инвалид» газетіндегі «Омскіден хат» деген мақалада жарық көрді. Жалған атты Шунаға /40/ арналған жұмыста сол кездегі белгілі екі тұлға Шоно-Лоузан мен Қарасақалдың өмірі туралы тарихи мәліметтер көлтірілген.

XVIII ғ. башқұрт көтерілістері туралы мәселелерді зерттеуге арналған А.И. Добросмысловтың «1735, 1736 және 1737 жылдардағы башқұрт көтерілістері» /41/ атты жұмысында автор көтерілістің барысын бір жақты және қысқа мазмұндаған, негізінен биліктің қозғалысты басып тастауға ариалған шараларын баяндау бағытын ұстаптан. Қозғалыстың жалпы бағасын берे отырып, оны бүлік ретінде қарастырады.

XVII ғасырмен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы башқұрт көтерілістерінің бүтін тізбегін 1755 жылғы Батырша басқарған көтеріліс аяқтайды. Революцияға дейінгі орыс тарихшылары В.Н. Витевский /42/, С.В. Ешевский /43/, Н.Ф. Дубровин /44/ бұл көтерілісті орысқа қарсы, таза діншіл бас көтеру деп анықтаған, ал Батыршаның озін діншіл фанаттың озі деп атады. Революциядан кейінгі алғашқы жылдары зерттеушілердің бұл көтеріліске деген көзқарастарында өзгерістер байқалады. Мысалы, Ш. Типеев /45/ және Ф.Тухватуллин /46/ өз жұмыстарында бұл қозғалысқа қатаң түрде баға беруден қашқақтайды.

Мазмұны бойынша жаңа ғылыми жұмыстар XX ғасырда пайда болды. Қазакстан тарихшылары С. Асфендияровтың /47/, Б.С. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің /48/, В.Я. Басиннің /49/ жұмыстарында бізге қажетті мәселелер бойынша үзінді деректер бар. Мәскеу ғалымы Н.Г. Аполлова /50/ оз еңбектерінде XVIII ғ. басындағы қазақ-башқұрт катынастары туралы шолу жасап және 1731 жылғы А. Тевкелев отрядындағы тілмаш, «тыңшы» бейнесін сомдаған башқұрттархандарына назар аударады.

Башқұрт көтерілістеріне қазактардың қатысқандығы туралы мәсселелер В.Н. Устюговтың /51/, А.П. Чулошниковтың /52/ еңбектерінде қарастырылған. В.Н. Устюгов XX ғ. 40-50-ші жылдарындағы КСРО-ның тарих ғылымының жарқын үлгісі болып табылады. Қенес тарих ғылымындағы идеологиялық ахуалдың өзгеруі тез арада іске асты: зерттеушілер өздерінің

бұрынғы көзқарастарынан бас тартып, жіберген «қатесі» үшін көпшілік алдында кешірім сұрауга мәжбүр болды. В.Н. Устюговке ресми мемлекеттік идеологиядан ауытқудың не екенін жаңы түсіне отырып, XVII – XVIII ғғ. башқұрт көтерілістерінің сипатын анықтау туралы өз пікірлерін бірнеше рет өзгертуге мәжбүр болды. 1946 жылы Башқұртстан тарихы мәселелеріне арналған ғылыми сессияда мынадай қорытынды жасайды: «XVII ғ. көтерілістің күмәнсіз ілгерішіл нәтижесі башқұрт халықтарын басыбайлы етуге жол бермеуі болды». 1952 жылғы сәуірде ол толығымен өзінің көзқарастарынан бас тартып, «XVII – XVIII ғғ. бірінші жартысындағы барлық башқұрт көтерілістерін толықтай реакциялық сипатта», – деп пайымдайды. Башқұрт көтерілістері туралы мәліметтерде бірнеше хандардың пайда болуын Н.В. Устюгов бұл қозғалыстарды феодалдық қозғалыс деп атауға басты негіз етіп алады. 1755 жылғы көтеріліс жетекшісі Батыршаға «Башқұртстанды Ресейден бөліп алуға ұмтылған негұрлым реакцияшыл феодалдардың идеологы», – деген таңба тағылды.

Архив мәліметтерін қолдана отырып, А.П. Чулошников «1755 жылғы Башқұрт көтерілісі» атты монографиясында башқұрт көтерілісін суреттей отырып, қазақ даласында осы көтерілісті басып тастағаннан кейін болған оқиғаларды да сипаттайтын. Ол осы кезеңдегі барлық башқұрт көтерілістерін антифеодалдық қозғалыс, ұлттық-отарнылдық қысымға қарсы көтеріліс деп сипаттап, оларды тәуелсіздік үшін құрес деп қарастыруды. Көтерілістің ілгерішілдігін Башқұртстанды басыбайлы ету процесін көпіктіргенін көреді.

Башқұрт көтерілістерін зерттеудің ірі маманы И.Г. Акманов /53, 54, 55/ осы қозғалыстарға қатысқан халықтар туралы зерттеу жасап, башқұрт көтерілістері орыс және басқа халықтарға қарсы бағытталмады деген қорытынды жасады. Көтерілісшілер Ресей мемлекеті колеміндегі ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін құресті. Көтерілістердің өзіндік идеологиялық қабығы IV Иванның башқұрттарға өз еркімен Ресейге қосылғанда берген грамоталары болды. XVII – XVIII ғғ. басындағы көтерілісшілер өз құресін Ресейге қосылу шарттарын өз қалпында қалдыруды талап сту ретінде қарастыруды. Бірақ

көтерілістің бағдарламасы мен сипаты өзгеріссіз қалмады. Патшалық саясаттың қатаюы себебінен башқұрттар арасында орыс бодандығына қарсылық үрдісі күшейе түсті. 1739 – 1740 жж. қозғалыс Башқұрт хандығын құру ұранымен өріс алды. Башқұрттар өлкенің басқа мұсмылман халықтарымен, соның ішінде қазақтармен біріге бастады.

КСРО тарих ғылымындағы арнаулы бағыттың бірі «буржуазия тарихиасымен» құресу болды. Ол кейде батыс зерттеушілерінің отандық зерттеушілерге толық таныс емес «материалистік» позициядағы сипати көзқарастарымен бірінгін кетті. Батыс елдерінде жарық көрген зерттеулер әдетте орталық кітапханаларға түсіп, көбіне арнаулы сактау коймаларында қалып қойды. Мұндай жұмыстардың қатарына Алтон Стюарт Доннелидің «1550 – 1740 жылдары Ресейдің Башқұртстанды жауап алуы. Империализм парактартары» /56/ атты монографиясы жатады. А.С. Доннелидің зерттеуіндегі негізгі мәселе – Башқұртстанның екі ғасырлық тарихын және башқұрт халқының тарихи, саяси және әлеуметтік жағынан дамуын түсіндіру мен оны түсінуге талпыну болып табылады. Ол Ресей мемлекеті құрамындағы Башқұртстан мен башқұрт қоғамының интеграция процесі мен механизмін ашты. А.С. Доннели көптеген башқұрт көтерілістерін біртұтас және орасан тарихи феномен ретінде, соның ішінде халықтың территория беріктігі үшін, ғасырлар бойғы жеке меншік, жер мен мал, дәстүр, мәдениет, жинақтаған өмірлік құндылықтар үшін құрес түрінде сипаттайтын. Қазақтардың бұл көтерілістерге қатысуын автор басып кіру ретінде қарастырады.

XVII – XVIII ғғ. Башқұртстан мысалында орыс этносы мен орыс емес халықтардың өзара қарым-қатынасы проблемасын зерттеген Францияның көрнекті ғалымдардың бірі Сорбонна университетінің профессоры Роже-Антонэн Робер Порталь болып табылады. 2000 жылы Ресей Ғылым академиясының Уфа ұлттық орталығы жанындағы этнологиялық зерттеулер орталығының ғалымдары Роже Портальдың Башқұртстан тарихына арналған еңбектерін жарыққа шығарды. Ол «Ресей және Башқұртстан: қарым-қатынастар тарихы (1662 – 1789 жж.)» /57/ атты еңбегінде